

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мен ХХІ ғасыр журналистімін

ЖАРИЯЛАНДЫ  
12.07.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/123880/

Бала күнімде телевизия саласына ерекше қызықтым. Журналистикаға деген құштарлығым еш дамыл тапқан емес. Бала күнгі ақ арманның қанатында Хантәңірі етегінен Алатаудың баурайына мақсатымның биік шыңдарын көздеп келдім. Сол алға қойған мақсатыма қалайда жетіп, журналистика деген қызықты да, тағылымды мамандықтың тізгінін берік ұстаймын деген сенімдемін. Маған сенетіндердің де үмітін ақтаймын әлі.

Күмәнмен қарап, күдігі басым болған жандарға журналист ретінде жұлдызым әлі де жарқырай түсетінін дәлелдеймін деген сенімім бар. Халықпен бірге тыныстап, елімізде болып жатқан жаңалықтың жаршысына айналуды армандаймын. Менің ойымша, бұл мамандықтың қыр-сыры өте көп.

Бұл мамандық әдеби тілді, сауаттылықты қажет етеді деп түсінемін. Әрдайым газет-журналдарды оқи отырып, әр тақырыптағы мәселелерді зерделеп, ой елегінен өткізіп отырамын. Іздене отырып, менің журналистикаға деген құлшынысым арта түседі.

Мақсатым – тек қана журналист болу емес, қоғамға керекті, елімізге еңбегі сіңер, атқарған жұмысымен үлгі болар, нағыз кәсіби маман атану. Бүгінгі күнде журналистиканың қыр-сырын толық бімесем де бұл жолда аянбай еңбек етіп, өз ізімді қалдыру, білікті де білімді мамандардың қатарында болу үлкен арман. Ал, арман адамды баулып, үлкен бір асуларға жеткізетін дүние

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.